

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Орталық бағалы қағаздар
депозитарийі" ЖАҚ

К е л і с і л д і

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Валюталық
нарық жөніндегі Биржалық кеңес
комитетінің шешімімен

(2000 жылдың 15 науырызындағы
№ 2 хаттама)

"Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ Биржалық
кеңесінің шешімімен

(2000 жылдың 15 науырызындағы
№ 3 хаттама)

Б е к і т і л д і

2000 жылдың 16 науырызынан бастап

Қолданысқа енгізілді

**Биржа мүшелерінің Биржа алдындағы
міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін
оның пайдасына оқшауланған
бағалы қағаздарды сату**

ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматы қ.

2000

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесі шешімімен (2004 жылдың 15 қаңтарындағы № 1 (з) хаттама) биржаның барлық ішкі құжаттарында ""Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамы" деген сөздер ""Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы" деген сөздерге тиісті септіктерде ауыстырылды және ""Қазақстан қор биржасы" ЖАҚ" қысқартылған атауы ""Қазақстан қор биржасы" АҚ" деп ауыстырылды.
2. "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (2005 жылдың 14 сәуіріндегі № 7 хаттама) "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ көрсетілген биржаның барлық ішкі құжаттарында "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" Жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" жабық акционерлік қоғамы" (кез келген септікте) немесе "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" ЖАҚ" таңбалары "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ" деп ауыстырылды.

Осы Ережелер Биржа мүшелерінің Биржа алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз етуі үшін оның пайдасына оқшаулаған мемлекеттік бағалы қағаздарды сату тәртібін реттейтін "Қазақстан қор биржасы" АҚ ішкі құжаты болып табылады *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

Осы Ережеде қолданылатын ұғымдар келесіні білдіреді:

"Биржа" – "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамы *(осы абзац Биржалық кеңестің 2004 жылдың 15 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;

"Депозитарий" – "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*;

"Биржаның корреспонденттік шоты" – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төлемдер жүйелері басқармасындағы СТН 600200049149, ФАА 190201125, № 900161427 Биржаның корреспонденттік шоты;

"Сауда жүйесі" – Биржада айналысқа (саудаға) жіберілген қаржы құралдары бойынша саудасаттықты жүзеге асыруға арналған, Биржаның бағдарламалық-техникалық кешені;

"Аукциондарға қатысушы, қатысушы" – мүшеліктің тиісті санатындағы Биржа мүшесі.

I. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Биржа мүшелерінің Биржа пайдасына бағалы қағаздарды оқшаулау және оларды оқшауландырудан алу тәртібін "Орталық бағалы қағаздар депозитарийі" АҚ (бұдан әрі Депозитарий деп аталады) ішкі құжаттары, Биржа және Депозитарий арасындағы келісім-шарттар белгілейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2005 жылдың 14 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*.
2. Биржа пайдасына оқшауланған бағалы қағаздардың сатылуына себепші жағдайларды және оларды сатудан түскен ақшаны қолдану тәртібін Биржаның жеке ішкі құжаттары белгілейді.
3. Биржа мүшесінің міндеттемелерін қамтамасыз етуде қабылданатын бағалы қағаздар тізімін Биржаның жеке ішкі құжаттары анықтайды.

II. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ САТУ ТӘРТІБІ

4. Биржа пайдасына бағалы қағаздарды оқшаулаған Биржа мүшесі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Биржа мұндай мүшесіне және Депозитарийге аталмыш бағалы қағаздардың сатылатындығы туралы жазбаша түрде хабарлайды.
5. Биржа пайдасына оқшауланған бағалы қағаздарды сату арнайы аукцион арқылы жүзеге асырылады. Арнайы аукционды өткізу кезінде Биржаның Сауда жүйесі арқылы хабарлама жіберу жолымен Биржа тиісті санаттағы мүшелеріне хабарлайды.
6. Аукционды өткізу туралы хабарламада мынандай мәліметтер болуы тиіс: сатылатын бағалы қағаздардың ұлттық сәйкестендіру нөмірі, сатылатын бағалы қағаздар жалпы санының атаулы құны, арнайы аукционды өткізудің басталу уақыты, арнайы аукционды өткізудің аяқталу уақыты, арнайы аукционда сатып алынған бағалы қағаздардың төлеу уақыты.
7. Арнайы аукционда бағалы қағаздарды сатып алуға өтінімді беру Сауда жүйесі арқылы жүзеге асырылады.
8. Сатып алуға өтінімді беру оны берген Биржа мүшесінің бағалы қағаздарды сатып алу мәмілесін өтінімде көрсетілген баға бойынша жасауға келісетіндігінің қажетті және жеткілікті куәлігі болып табылады.
9. Арнайы аукционға өтінімдерді қабылдау уақыты аяқталғаннан кейін сатып алуға ұсынылған өтінімдерді қанағаттандыру жүзеге асырылады.

10. Сатылымға ұсынылған өтінімдерді қанағаттандыру неғұрлым жоғары бағасы бар өтінімдерді қанағаттандырудан басталады, кейіннен бағаның төмендеуі тәртібінде арнайы аукционға шығарылған бағалы қағаздарды толық көлемде қанағаттандыруға дейін жүзеге асырылады.
11. Арнайы акцион нәтижелері бойынша ұсынылған өтінімнің бір бөлігі ғана қанағаттандырылуы мүмкін.

III. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ЖҮРГІЗУДІҢ ТӘРТІБІ

12. Арнайы акцион нәтижелері бойынша Биржа биржалық куәліктерді ресімдейді.
13. Арнайы акционда бағалы қағаздарды сатып алған Биржа мүшелері өздері сатып алған бағалы қағаздар төлемінің ақшасын Биржаның корреспонденттік шоттарына биржалық куәліктерде көрсетілген мөлшерде және мерзімде аударуға міндетті.
14. Арнайы акционда сатып алынған бағалы қағаздарды төлеу шамасына қарай Биржа сатушы мен сатып алушы "депо" шоттарының нөмірлері, бағалы қағаздардың саны, 1 бағалы қағаз бағасы көрсетілген аукцион нәтижелері туралы мәліметтерді Депозитарийге ұсынады. Алынған мәліметтердің негізінде Депозитарий мұндай мәліметтерді алу сәтінен бастап екі сағат арасында сатып алушылар шотына бағалы қағаздарды аударады.

IV. ЕСЕП АЙЫРЫСУ МЕРЗІМДЕРІН БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

15. Бағалы қағаздарды сатып алушы есеп айырысу мерзімдерін бұзған жағдайда мәміле бұзылды деп жарияланады. Кінәлі тарап Биржаға мәміле сомасынан 0,2% мөлшерінде тұрақсыздық төлемін төлейді.
16. Арнайы аукционда сатылған бағалы қағаз құнының деңгейіне Биржа жауап бермейді.

Президент

Д.Б.Қарасаев